

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Спорт ғимараттарының құрылысын салу жөніндегі дирекция" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпандағы N 169 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 273 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.05.2018 № 273 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Спорт ғимараттарының құрылысын салу жөніндегі дирекция" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Спорт саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) Кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізісін;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң